

Түркістан облысы
Келес ауданы
№ 27 Н.Тілендиев атындағы жалпы орта мектебі

«Ерке» қыздар ұйымы

« Ерке» ұйымының мүшелері

Төрайымы: Ұ.Сарсенбаева

Ұйым мүшелері: Р.Алипова

А.Анарбаева

Г.Қалдарова

Ф.Умирзақова



№27 Н. Тілендиев атындағы жалпы орта мектебіндегі
«Ерке» қыздар ұйымының жылдық жұмыс жоспары

2020-2021 оқу жылы

к\с	Атқарылатын іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1	«Ерке» қыздар ұйымының жұмыс жоспарымен таныстыру, бекіту.(онлайн)	Қыркүйек	Сәрсенбаева Ұ
2	«Қыз өссе, елдің көркі» баяндама Қыздар гигиенасы туралы дәрігер кеңесі(онлайн)	Қазан	Ұйым мүшелері Мектеп медбикесі
3	«Артық болмас білгенің» Ерте жүктілік және оның жасөспірім қыз –балдардың денсаулығына зияны. (онлайн)	Қараша	Ұйым мүшелері Мектеп медбикесі
4	«Қыз - елдің көркі» пікір алмасу (онлайн)	Желтоқсан	Сәрсенбаева.Ұ Ұйым мүшелері
5	«Ерте жүктілік және оның алдын алу» (слайд)	Қаңтар	Ұйым мүшелері Мектеп медбикесі
6	«Жас өренге айтарым бар құлақ салса» әжелермен кездесу(9-11 сынып)	Ақпан	Ұйым мүшелері
7	«Артық болмас білгенің» «Қыз сыны» байқауы (онлайн)	Наурыз	Ұйым мүшелері
8	«Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі » баяндама	Сәуір	Ұйым мүшелері
9	«Қыздың көркі шаш» пікір алмасу «Ерке» қыздар ұйымының жылдық қорытынды отырысы.	Мамыр	Ұйым мүшелері

Түзген:

Сәрсенбаева Ұ.

№27Н.Тілендиев атындағы жалпы орта мектептің қыздар

жиналысының

Хатамасы №3

08.01.2021ж

Жаңа қоныс

Қатысқандар 9-11 сынып оқушылары

Күн тәртібінде

1. Ерте жүктілік және оның жасөспірім қыз-балдардың денсаулығына зияны
- 2.»Ерте жүктілік және оның алдын-алу»слайд
- 3.Әр түрлі мәлімет

Тыңдалды: Қыздар кеңесінің төрайымы Ұ.Сәрсенбаева күн тәртібіндегі мәселемен таныстырды.

Бірінші Мәселе бойынша мектеп медбикесі Ф.Қаңтарбаева сөз кезегін алып Бірнеше ерте жүктіліктің зияндығы туралы айтып өтті.Әрине жас қыздардың ішінде ненің харам екенін, оның зардап зиянын түсінбей жақсы көрген жігітімен жыныстық қарым қатнаса түсіп ,кәмелеттік жасқа толмай екіқабат болып қалатындар көб.Бұл кезеңнің 15-18 жас аралығында өтетіні және көбтеген өзіне тән ерекшеліктермен сипаталатын кезең екенін айтты.Екінші мәселе бойынша мектеп психологы А.Анарбаева «Ерте жүктіліктің және оның алдын- алу» мақсатында осы тақырыпқа баиланысты слайд көрсетті.Қыз баланың жақсы болып өсуіне оның өскен ортасының, бірге жүрген құрбы-құрдастарының, дос –жарандарының әсері күшті.Әр түрлі мәселелер Қазіргі таңда қыз балалар арасында ұрсу өзімшілдік жасап үйінен кетіп, жоғалып қалған және 16 жасқа толмай жүкті болып қалу деректері жайлы көбтеп орын алып жатқаны және ондай жаман әдеттерден аулақ болуы жайында айтып Р.Алипова апай толықтырып кеңестер берді.Жоғарыда мәселерді талқылай келе төмендегіше ұсыныс етеді:1 Қыздардың мінездегі физиологиялық-психологиялық ерекшеліктерін қадағалау,әрбір оқушыға,сынып жетекшісіне ата-анасына міндетелсін.

Қыздар кеңесінің төрайымы:

Сәрсенбаева

Хатшы :

Алипова

№27 Н.Тілендиев атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 2021 жылғы 17 наурыз күні өткізілген «Ерте жүктіліктің алдын алу және мәжбүрлі некеден қорғау» тақырыбында ата анарға және мектептің қыз балаларына өткізілген жұмыстардың

Х А Т Т А М А С Ы

Өткізілген күні: 17.03.2021ж

Тақырыбы: «Ерте жүктіліктің алдын алу және мәжбүрлі некеден қорғау»

Мақсаты: Ерте жүктіліктің алдын алу, әдет-ғұрыпты, салт-дәстүрді қыз баланың бойына сіңіре , келешекте ана алдында қоғамның, ұлттың тыныс-тіршілігі барысындағы үлкен жауапкершіліктің тұрғандығын сезіндіре отырып, әдепті, сыпайы, адамгершілігі мол, білімді жан жақты жетілген қыз бола білуге тәрбиелеу.

Қатысқаны: 7-11 сынып қыздары, педагог психолог А.Анарбаева, сынып жетекшілер, педагог ұйымдастырушы Ұ.Сәрсенбаева

Жүргізген: Мектеп педагог-психологы: А.Анарбаева

Өту барысы: 1. Кіріспе.


2. Видеоролик

3. Адамгершілік және жыныстық тәрбие туралы сауалнамасы

4. Психологиялық кеңес

1. Кіріспе сөз: Бүгінгі «Ерте жүктіліктің алдын алу және мәжбүрлі некеден қорғау» дөңгелек үстелдің тақырыбы таныстырылып мәселелері айтылып, жасөспірім қыздардың жеке гигиенасы туралы баяндама оқып, слайдтар көрсетілді. Онда қыздарға ерте жүктіліктің салдары қандай болады: оның адам өміріне тигізетін келешектегі қауіп-қатері қандай: тағы басқада осындай үлкен сұрақтың төңірегінде әңгіме қозғалып, пікір-талас жүргізіліп, тақырып талданды. Содан кейін барып нақты мәліметтер мен статистикалық ақпараттар берілді. Қыз баланың тәрбиесі тікелей анаға байланысты екендігі және де ата-аналардың қыздарға үздіксіз ақыл кеңестер беріп отырулары қажет екендігі басып айтылды.
2. «Ерте жүктілік қауіпті» тақырыбында видеоролигі көрсетіліп, қыздармен бірге талқылады. Осы видеороликтен өздеріне не түйгені жайлы ойларымен бөлісті.
3. Адамгершілік және жыныстық тәрбие туралы сауалнамасы алынып, сауалнаманың қорытындысы бойынша қыздардың барлығы да дұрыс бағытта қажетті әрі маңызды тәрбие алынып жатқандығы анықталды.
4. Алдын алу жолдары: ата-аналармен сенімді қарым-қатынас орнату, жиірек әңгімелесу, жыныстық тәрбие жайлы көбірек әдебиеттер оқу керектігі жайлы қыздарға пайдалы кеңестер берілді.

Педагог психолог:  А.Анарбаева

Хатшы:  Ұ.Сәрсенбаева

**№ 27 Н.Тілендиев атындағы жалпы орта мектептің қыздар
жиналысының**

Хаттамасы.№

25.04.2021 ж

Жаңа қоныс ауылы

**Қатысқандар: 95 қыз бала
7-11 сыныптар**

Күн тәртібінде

1. «Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» баяндама
2. Медбике кеңесі
3. Видеоролик
- 4.Әр түрлі мәселелер

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша «Қыз тәрбиесі-қоғам тәрбиесі» тақырыбында 7-11 сыныптарға болған жиналыста баяндама оқылып өтті. Баяндаманы мектеп психологы Анарбаева Ажар апай оқыды.. Ол өзінің баяндамасының негізінде М. Жұмабаев сөзімен «Әр ұлттың қай кезеңде болмасын алдында тұратын ұлы міндеттерінің ең бастысы өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты саналы ұрпақ тәрбиелеу»-деп баяндаманы ашып өтті. Осы баяндама бойынша 11 «а» сынып оқушысы Абдихан Ұлмейір өзінің ой - пікірін көпшілікке ұсынды.


Екінші мәселе бойынша Қантарбаева Фариза медбике апай қыздар туралы, олардың ағзасында болатын өзгерістер және ерте жүктіліктің зиянды жақтарына тоқталды.

Үшінші мәселе бойынша 9-сынып қыздар өздерінің дайындап келген роликтерін ұсынды. Видеоролик бойынша 10-11 сынып қыздары Әлішер А Смайыл Мерей, Ораз Аяжандар жарыс сөзге шықты.

Әр түрлі мәселеде қыздардың әдепті киініп жүруі ,қыздар арасындағы сыйластық, тазалық жөнінде айтылды.

Қаулы:

- 1.Қыздардың жеке бас гигиенасы сақталсын.**

Жиналыс төрайымы:  Сәрсенбаева ұ

Хатшы: 

Алипова